

#26-27

(1001-1002)
27 қыркүйек
2024 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазак

jasqazaq.kz

jasqazaqkz



ЕСІРТКІГЕ ЖОЛ ЖОҚ!



ЖАС ҰРПАҚТЫҢ
ӨМІРІН ЖАЛМАЙТЫН
ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ
ЖАППАЙ КҮРЕС
ЖҮРІП ЖАТЫР.
ЖЕТІСУ ӨҢІРІНДЕ
ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ
КӨЛІГІМЕН 1 КИЛО
МЕФЕДРОН
(15 МЫҢ ДОЗА)
АПАРА ЖАТҚАН
34 ЖАСТАҒЫ ӘЙЕЛДІ
ҚҰРЫҚТАДЫ. БҰЛ
ЕСІРТКІНІҢ «ҚАРА
БАЗАРДАҒЫ» ҚҰНЫ –
20 МЛН ТЕҢГЕ

✓ BRENT \$73.76

✓ USD 478,5 T

✓ EUR 533 T

✓ RUB 5.12 T

БІЗДЕ ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМНІҢ ЖҰМЫСЫНА КӨҢІЛІ ТОЛАТЫНДАР БАР МА? ПАЙЫЗБЕН ЕСЕПТЕГЕН ЕШКІМ ЖОҚ, БІРАҚ ӨТЕ АЗ. АЛДАҒЫ УАҚЫТТА НАРАЗЫ ЖАНДАРДЫҢ ҚАТАРЫ ТІПТІ КӨБЕЙЕДІ. ЕГЕР ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ ДАЙЫНДАП, ТАЛҚЫЛАУҒА ҰСЫНҒАН БҰЙРЫҚ ӨТІП КЕТСЕ...

айнып, құсу, біздің білуімізше, көп аурудың симптомы. Сондай-ақ қан қысымы көтерілген адам кез келген сәтте инсульт болуы мүмкін дегенді дәрігерлер өздері де жиі айтады.

«ӨЛМЕСЕҢ, ӨМІРЕМ ҚАП!»

НЕМЕСЕ ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ҚЫЗМЕТІН ҚЫСҚАРТУДЫ КІМ ОЙЛАП ТАПТЫ?

Өтіп кетсе, жедел жәрдем шақырған адамның бәріне жетіп келмейді. Бұл туралы «Ашық НҚА» порталында жарияланған бұйрық жобасында жазылған. Денсаулық сақтау министрлігі дайындаған құжат 8 қазанға дейін талқыланады.

Онда не айтылған?

Құзырлы мекеме жедел жәрдем шақыратын науқастарды 4 топқа (категорияға) бөледі. Денсаулық саласындағы шенеуніктер «жіліктеген» 4 топ төмендегідей:

- 1 – шұғыл түрде медициналық көмек көрсетуді қажет ететін;
- 2 – медициналық қызмет көрсетілмеген жағдайда өміріне қауіп төнетін;
- 3 – медициналық қызмет көрсетілмесе, денсаулығына қауіп төнген;
- 4 – өмірі мен денсаулығына қауіп төнбеген науқастар.

Алдыңғы үш топ тәптіштеуді қажет етпейді. Жұртты ойландырып қойған – 4-топ. Оған жедел жәрдемнің көмегінсіз-ақ аяққа тұрып кететін сырқаттар жатқызылады. Егер әлгі құжат қабылданып, күшіне енсе, қан қысымы көтерілгендер жедел жәрдемге жүгіне алмайды. Аяғының буыны қақсағандарға көмек көрсетілмейді. Іші өтіп, дәретханадан шыға алмай қалғандарға ақ халатты абзал жандар көмекке келмейді. Басы айналып, жүрегі айнып, құсқысы келгендерге жедел келетін жәрдем жоқ.

Есесіне, сырқаттың ыстығы 38° градустан жоғары болса, инфекциямен ауырып жатқан адаммен қарым-қатынас жасап қойса немесе инфекциялық ауруға шалдықса, денесі бөртеп кетсе, жедел жәрдем шақыруға болады.



Денсаулық сақтау министрлігі бұл өзгерісті қаржы тапшылығымен байланыстырады. Жедел жәрдем бригадасын тәулік бойы ұстауға шамасы жетпейді-мыс.

Ал біз сияқты жұмыр басты пенделердің миы мына нәрсеге жетпейді: жедел жәрдемді әдетте телефон арқылы шақырады. Айталық, қан қысымы көтеріліп, қатты қысылған сырқат (немесе оның жақындары) жедел жәрдемді келтіру үшін өтірік айтса ше? Мәселен, ыстығы 38° градустан жоғары деп?

Аяқтың буыны қақсаған адамға, жарайды, келмей-ақ қойсын. Ал жүрегі

Мына құжатты дайындаған шенеуніктердің қаперіне салайық: күні кеше Қосшыда жүрек талмасы ұстаған сырқат әйелге көмек көрсетуден бас тартқан фельдшер үш жыл, алты айға сотталды.

Енді дер кезінде ем алмай денсаулығы нашарлайтындар мен көмек көрсетпей сотталатындар қатары көбеюі мүмкін.

Қалай десек те, «Өлмесең, өмірем қап» дейтін мұндай құжатқа жұрт қарсы.

Наргүл МЫРЗАХМЕТ

P.S. БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА:

Қоғамда үлкен резонанс туғызған осы мәселеге қатысты денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова мәлімдеме жасады. Ол өзінің Facebook парақшасында. «Жедел жәрдем қызметінің қағидаларына өзгерістер енгізуді көздейтін жобада халыққа тәулік бойы көрсетілетін жедел жәрдем қызметтерін шектеу туралы норма жоқ. Халық үшін жедел жәрдем 24/7 режимінде 103 нөмірі бойынша қолжетімді болып қала береді. Өзгерістер шақыртуларға қызмет көрсетудің жеделдігі мен сапасын арттыру мақсатында емханалардың жанынан құрылатын бригадаларға қатысты».

Ал біз «Ашық НҚА порталында жарияланған бұйрық жобасында мұндай түсіндірме жоқ. Жұртты шатастырмас үшін әу бастан осылай жазу керек еді» дейміз.

ҚЫРКҮЙЕКТЕ АТА-АНАНЫҢ КӨҢІЛІ АЛАҢ. ӘСІРЕСЕ, АЛМАТЫДА. БІРІНЕН КЕЙІН БІРІ 12-13 ЖАСТАҒЫ ТӨРТ ҚЫЗ БИІКТЕН СЕКІРДІ. ОҒАН НЕ СЕБЕП? КІМ КІНӘЛІ? ӘЗІРГЕ ЖАУАП ЖОҚ. ОСЫ МӘСЕЛЕГЕ ҚАТЫСТЫ МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ ЖҰЛДЫЗ СҮЛЕЙМЕНОВА FACEBOOK ПАРАҚШАСЫНДА ЖАЗБА ЖАРИЯЛАДЫ. ДЕПУТАТ БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ ҮШІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІГЕ ШАРА ҚОЛДАНУ ҚАЖЕТ ДЕП САНАЙДЫ.

Соңғы күндері балаларымыздың өз-өзіне қол жұмсау фактілері қоғамның қатты алаңдаушылығын тудыруда. Бұл жантүршігерлік қайғылы жағдайлар ешкімді бейжай қалдырмағаны анық. Айдың күннің аманында желкілдеп өсіп келе жатқан өрендерімізден айрылды. Өмірден қыршын кеткен марқұмдардың туыстары мен жақындарына көңіл айтамын.

Иә, ресми тергеу басталды. Бірақ қазірдің өзінде мұның бәрі нақты орындаушысы бар қылмыс, кісі өлтіру деп айтуға болады. Айуандықпен қылмыс жасағандарды, яғни арандатушыларды анықтап, заңды түрде жазаға тартуды құқық қорғау органдары қажет болса халықаралық іздеу жариялап, орындайды деп үміттенемін.

Ал енді осы қылмыстарды іске асыруға жағдай туғызып отырған әлеуметтік желілер мен мессенджерлер екенін ашық ақпарат көздерінен оқудамыз. Оны жалтақтамай айту қажет деп санаймын.

Олар санасы әлі қатпаған жеткіншектеріміздің психикасына теріс әсер ететін құралға айналды. Ең сорақысы сол, бұл ойындар мен квесттер психологиялық тұрғыдан айтқанға көндіру дағдыларын қолдана отырып, кәсіби түрде жасалуда.

Сонымен қатар, әлеуметтік желілердің дамуы және

гаджеттердің кең таралуымен мұндай ойындар елімізде жаппай сипатқа ие болып отыр. Бірде-бір отбасы бұдан өзін сақтандыра алмайды. Мемлекет тарапынан заң деңгейінде буллинг, өзін-өзі өлтіруге мәжбүрлеу сияқты әрекеттерге қарсы қылмыстық жауапкершілік енгізілді, бірақ қазіргі жағдай мұның жеткіліксіз екенін көрсетеді.

Сондықтан әрбір ата-ана осы мәселеге ерекше көңіл бөліп, балаларымен көбірек сөйлесулері керек.

Жауапты министрлік мектептердегі психологиялық



Фото: facebook парақшасынан

Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА:

ЖАЙБАСАРЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРУГЕ БОЛМАЙДЫ!



қызметтердің жұмыс алгоритмдерін өзгертуі тиіс. Олар балалардың мінез-құлқындағы және жүріс-тұрысындағы белгілерді уақтылы анықтауда тиімді құрал болуы керек.

Бірақ, ең бастысы, мұны мен ұстаз ретінде, ана ретінде, депутат ретінде айтамын – мемлекет пен қоғам әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің әкімшілерінен таралып жатқан ақпаратқа бақылауды күшейтуін талап етуі керек деп санаймын. Таралып жатқан заңсыз, зиянды, бүлдіршіндердің санасын улайтын жүктемелерге бақылауды оқыс

күшейтуді қатаң талап ету керек.

Олар «меморганнан құқықтық тұрғыдан негізделген талап-арыз күтіп отырмыз» деп сылтауратпай, қауіпті контенттің таралуына жол бермеу үшін өздерінің жұмыс алгоритмдерін өзгертулері тиіс. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, шындап келгенде бұл әлеуметтік желілер мен мессенджерлер иелерінің қолынан келетін шаруа.

Егер мұндай талап орындалмайтын болса, онда мемлекет бақылауды күшейтсін. Барлық қауіпті контентке қатаң тосқауыл қойылсын. Ал жекелеген контентке тосқауыл қоюға қол жеткізу мүмкін болмайтын болса, онда нақты заң бұзған әлеуметтік желі немесе мессенджер бұғатталуы керек.

Біздің балаларымыздың өміріне қауіп төніп тұрғанда ешқандай мәймөңкеге жол беруге болмайды. Мен мұны ана ретінде, педагог ретінде айтып отырмын. Барлық ата-аналар мен педагогикалық қауымдастық мені толықтай қолдайды деп білемін.

Бұл мәселеде жайбасарлыққа жол беруге болмайды, дереу іске кірісу керек!

ЖЕРГІЛІКТІ МАМАН, КӘСІПОРЫН ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ ӨНІМДІ ӨНДІРІСКЕ КӨПТЕП ТАРТУ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ҰДАЙЫ ДАМУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРДЫҢ БІРІ ЕКЕНІ БЕЛГІЛІ. БҰЛ, ӘСІРЕСЕ, ЕЛІМІЗДЕ МҰНАЙ-ГАЗ ШИКІЗАТЫН ӨНДІРЕТІН ШЕТЕЛДІК КОМПАНИЯЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАРДЫҢ БІРІ.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚАМТУДЫҢ ҮЛЕСІ АРТЫП КЕЛЕДІ



Сурет: ТШО

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев отандық бизнесті өркендетуге септігін тигізетін осы мәселеге айрықша назар аударып келеді. Президент былтыр халыққа арнаған Жолдауында өнеркәсіпті еліміздің аумағында оқшаулау (локализация) үшін қолайлы жағдай жасау қажеттігіне тоқталды. Атап айтқанда, дені сыртта жүзеге асырылатын шикізатты өзімізде қайта өңдеу – оңтайлы шешім. Осыған орай, Үкіметке шетелдік

компаниялардың өндірісін ғылыми-техникалық әлеуетімен қоса Қазақстан аумағына көшіруі үшін ынталандыру мен қажетті мүмкіндіктер туғызу тапсырылды. Бұл ел экономикасына тиімді. Біріншіден, жергілікті тұрғындарға жалақысы жоғары жұмыс орындары ашылып, қазынаға салық түсімі көбейеді. Екіншіден, шетелдік инвесторлардың логистикаға (тасымал) шығыны азаяды.

Қазақстандық қамтуға қол жеткізудің бір тәсілі – түпнұсқалық

жабдықты өндірушілерді локализациялау (original equipment manufacturer – OEM). Ол өндіріс пен технологияны жергілікті жағдайға бейімдеуді және ішкі нарықтың сұранысын қамтуды көздейді. OEM бізде ойдағыдай жүзеге асырылып жатыр. Мұнай-газ саласындағы шетелдік инвесторлар жергілікті компаниялардың сапасы жоғары құрал-саймандарын пайдалануға көшті. «Теңізшевройл» (ТШО) компаниясының баспасөз қызметі jasqazaq.kz сайтына хабарлағандай, Атырау өңіріндегі кәсіпкерлердің озық тәжірибесі бұған айқын дәлел. Өткен жылы аталған компания өз нысандарында ауқымды әрі күрделі жөндеу жүргізді. Сол кезде аса қат жабдық жергілікті «Атыраунефтемаш» және «Севон-Вертекс Хэви Индастри» сияқты машина жасау компаниялары тарапынан қамтамасыз етілді.

Бүгінде кез-келген саланы, соның ішінде мұнай-газ индустриясын заманауи цифрлық технологиясыз елестету қиын. Отандық IT-компаниялар шетелдік инвесторлармен ынтымақтастық орнатып, өнім көлемін арттыру, өндірісте қауіпсіздікті қамтамасыз ету, тәжірибелі маман дайындауда елеулі жетістікке жетті. Мәселен, ТШО-ның Атыраудағы серіктестігі IT саласындағы халықаралық тәжірибені елімізге енгізіп, қазақстандық қамтуға елеулі үлес қосып отыр. Ал осы компанияның тағы бір серіктесі – «АтырауТехИнвест» биыл Жылыой ауданында балалар Roblox пен Minecraft бағдарламалау жүйесін меңгеретін Kulsary IT Smart School мектебін ашты. Бұған қоса, биылғы тасқын кезінде осы компанияның GIS- мамандары Жайықтың осал тұстарын анықтап, өзен жағасын бекітуге атсалысты.

Айта кеткен жөн, қазақстандық қамтудың арқасында шетелдік инвестордың шағын және орта бизнестің жергілікті тауар мен қызмет түрлеріне тапсырысы жылдан-жылға көбейіп келеді.

Талап ТІЛЕГЕН



**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ
ПРЕЗИДЕНТТІК ЖАСТАР
КАДРЛЫҚ РЕЗЕРВІНІҢ
ФОРУМЫНДА
МЕМЛЕКЕТ БАСҚАРУ
ІСІНЕ ОЙ ҰШҚЫР,
БІЛІМ ОЗЫҚ, САНА-
СЕЗІМІ ТЕРЕҢ,
НАҒЫЗ ОТАНШЫЛ
АЗАМАТТАР КЕЛУ
КЕРЕК ЕКЕНІН АЙТҚАН
БОЛАТЫН.**

Кезінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен құрылған осы резервте қазір 400 маман бар. Солардың бірі – Мемлекеттік басқару академиясының Адам ресурстарын басқару институтының директоры Рустам Мусин. Jasqazaq.kz талапты жас кадрмен байланысқа шығып, ой-пікірін білді.

**– Рустам мырза,
Президенттік жастар**

РУСТАМ МУСИН:

МАҢЫЗДЫСЫ ҚЫЗМЕТ ЕМЕС, МАҢЫЗДЫСЫ – ЕЛ-ЖҰРТЫҢА ПАЙДА КЕЛТІРУ

кадр резервіне қатысу туралы ой қайдан келді? Естуімізше, сіз оған дейін кәсіпкерлікпен айналысқан екенсіз.

– Әрине, сауалыңыз орынды. Мен ең алдымен кәсіпкерлік салада өзіме мол тәжірибе жинақтадым. Осы тәжірибем елге пайда әкелсе деген оймен, мемлекеттік қызметті таңдадым. Алған тәжірибемді елімінің дамуына қосқым келді. Айталық, сен сол саладағы олқылықты көріп тұрсаң оны түзеудің екі жолы бар. Біріншісі – сен ол мәселені сынайсың, бірақ өзгертуге

тырыспайсың. Екіншісі – сен сол олқылықты өзің түзейсің немесе өзгертесің. Мен екінші жолын таңдадым, яғни өз тәжірибемді қосып, елімнің дамуына титтей де болса өз үлесімді қосқым келді.

– Біз кадрлық резервке 400-ден астам үміткердің өткенін білеміз. Қазіргі таңда оның 70 пайызы мемлекеттік органдарда, квазимемлекеттік секторларда жұмыс істеп жатыр. Конкурс талаптары жоғары болды ма? Қандай критерийлерден өттіңіздер?

– Алғашқы 2019-2023 аралығындағы үміткерлерді қабылдауда біршама өзгерістер бар. Мысалы, біз 2021 жылы конкурстан өткен кезде сұхбаттасу көзбе-көз болды. Бұл кезеңде өз саласының білікті

қызметке деген талпыныс пайда болды. Әрине, кәсіпкер бола жүріп, мемлекеттік қызметте алатын айлықтың аздығын білдім. Бірақ маңыздысы мен үшін айлық емес, еліме не бере аламын деген ой болды. Мен президенттік жастар кадрлық резервінен өткен әр жастың бойында ең алдымен ел үмітін ақтаймын деген сенім бар деп ойлаймын.

– Биыл да Президенттік резервке жастарды қабылдау жүріп жатыр. Үміткерлерге қандай ақыл-кеңес берер едіңіз?

– Менің ойымша, мемлекеттік жолды таңдаған әрбір жастың бойында патриоттық сезім болуы керек. Егер патриоттық сезім болса, ел-жұртыңа қол ұшыңды беріп, сол жолда тигізетін пайданды көбірек ойлайсың. Мемлекеттік қызмет деген жай ғана қызмет емес. Ол мемлекетіңе не бере

мамандары жан-жақты сұрақтар қояды. Мұнда ең маңыздысы бізге берілген қызмет емес, біз сол қызметте жүріп халыққа не береміз деген сауалға жауап бердік. Олар бізге «Айлық аз болса не істейсіз? Басқа өңірге көшуге тура келсе қалай болады» деген сынды сұрақтар қойды. Егер сен мемлекеттік қызмет жолын таңдасаң, онда қызметте өсуді емес, халық игілігін ойлауың керек. Осы жолды таңдағандар мемлекеттік қызмет жолын бастап кетті. Әр кезеңнен өткен сайын мемлекеттік

аласың, нені өзгерте аласың, әрине жақсы жағына қарай өзгеріс жасауға ұмтылу. Сондықтан мен бұл жолды таңдаған әрбір жастың бойында еліне деген сүйіспеншілік болса екен деймін. Қазір дарынды жастар өте көп. Мен білімді әрі білікті жастар өз тәжірибесін еліне қызмет етуге жұмсаса дегім келеді. Ал Президенттік кадрлық резервті таңдаған жастар, осы жолды біледі деп сенемін.

– Әңгімеңізге рахмет!

**Сұхбаттасқан
Мақпал НОҒАЙБАЕВА**



**АҚШ-ТЫҢ
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕЛШІСІ
ДЭНИЕЛ РОЗЕНБЛЮМ,
«ШЕВРОН» ЕУАЗИЯ
БӨЛІМШЕСІНІҢ
БАСҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЫ
ДЕРЕК МАГНЕСС ЖӘНЕ
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНЫҢ БАСШЫЛЫҒЫ
ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАСЫНДА
СӘБИТ МҰҚАНОВ
АТЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК
ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ
ӘМБЕБАП ҒЫЛЫМИ
КІТАПХАНАСЫНДА
ОРНАЛАСҚАН АМЕРИКА
БҰРЫШЫ (AMERICAN
CORNER) ЖАНЫНДАҒЫ
ЖАҢА МЕЙКЕРСПЕЙСТІ
(MAKERSPACE) РЕСМИ
ТҮРДЕ ҚЫРКҮЙЕКТИҢ 20-
СЫ КҮНІ АШТЫ.**

МАКЕРСПАСЕ ЖАСТАРҒА МОЛ МҮМКІНДІК ҰСЫНАДЫ

Мейкерспейс ғылым, технология, инженерия, өнер және математика (ағылш. аббр. STEAM – Science, Technology, Engineering, Arts) салаларында қолданбалы дағдыларды дамыту үшін қазақстандық жастарға тегін курстар мен шеберлік сағаттарын ұсынады.

Ашылу салтанаты барысында Елші Дэниел Розенблюм:
«Мэйкерспэйс көмегімен біз

Петропавлдың қарқынды дамып келе жатқан шығармашылық қауымдастығына қолдау көрсетіп, осы кеңістікте дүниеге келетін инновациялардың бір бөлігі бола алатынымызға қуаныштымыз. АҚШ-қа да, Қазақстанға да пайда әкелетін жаңа мүмкіндіктер жасайтын кәсіпкерліктің бірегей катализаторы қызметін атқара алатындықтан, біз бұл кеңістіктерге инвестиция салып, қолдаймыз. Бүгін жиналған

еріктілердің арасында, сондай-ақ, осы Мэйкерспейстің болашақ қонақтары арасында Қазақстанның ғылым, технология және кәсіпкерлік саласының көшбасшылары болатын көптеген адамдарды кездестіретінімізге сенімдімін», – деп атап өтті.

«1993 жылдан бастап «Шеврон» компаниясы білім беру, денсаулық сақтау және кәсіпкерлік салаларына инвестиция салып, Қазақстан Республикасымен сенімді серіктестік құрып келе жатқанын мақтан тұтады. Біз STEAM дағдыларын, цифрлық технологияларды және шығармашылық ойлауды дамытуға мыңдаған адамдарды баулитын, сонымен бірге балаларды, студенттерді және мұғалімдерді қамтитын бағдарламаларға қолдау көрсетеміз. Мен осында болып, сіздермен – Қазақстанның

мен «Шеврон» компаниясының қолдауымен ашылған Мейкерспейстер қазірдің өзінде жастарға қызмет көрсетуде. Сарапшы мұғалімдер мен фасилитаторлардың жетекшілігімен тәжірибелік оқытуға арналған жабдықтар мен құралдардың кең ауқымымен жабдықталған Мейкерспейстер

2024 жылдың жаз айының басынан бастап Петропавлдағы Мейкерспейс ресми түрде ашылмаса да келушілерге инженерлік лагерь, шығармашылық ауыл шаруашылығы және деректер туралы ғылым клубы іс-шараларын өткізді. Ашылу салтанаты кезінде елуден астам



болашақ көшбасшылары және инноваторларымен кездескеніме қуаныштымын. Бұл орталық шабыт, ынтымақтастық және ғылым-білім үйрену үшін тамаша орта болып табылады, бұл жерде армандар шындыққа айналады және идеялар өмірге келеді», – деп атап өтті Дерек Магнесс өз сөзінде.

Петропавлда ашылған Мейкерспейс еліміздегі осындай жетінші орталық болып отыр. Алматы, Астана, Орал, Өскемен, Павлодар және Ақтөбе қалаларында АҚШ Дипломатиялық өкілдігі

жергілікті аудиторияға робототехника, 3D модельдеу, зымыран жасау, компьютерлік бағдарламалау, өнер, қолөнер және т.б. курстарды тегін ұсынады.

Ұсынылған бағдарламалар білім мен кәсіби дамудың жаңа жолдарын іздейтін мектеп пен университет жастарына, сонымен қатар жас мамандарға арналған. Мейкерспейс алаңдары шығармашылық идеялар мен көшбасшылық әлеуетті дамыту үшін қызығушылығы ұқсас замандастармен кездесуге арналған мүмкіндіктерді ұсынады.

қонақ, соның ішінде жергілікті билік пен білім беру ұйымдары өкілдері Мейкерспейсті аралап, оның жабдықтарының интерактивті көрсетілімдерін тамашалады, оның үйлестірушілерімен, еріктерілерімен және курстарының алғашқы түлектерімен кездесті.


Мейкерспейстің ашылуы Қазақстандағы АҚШ Дипломатиялық миссиясы мен «Шеврон» компаниясының «Мейкерспейс кеңейеді!» бағдарламасы аясындағы серіктестігінің арқасында мүмкін болды. Оның міндеті – инновацияға негізделген экономикада табысқа жету үшін қажетті практикалық дағдыларды қамтамасыз ететін STEAM пәндерін үйренуге арналған оқу бағдарламалар мен ресурстар арқылы Қазақстандағы адами капиталды дамытуға қолдау көрсету. 2023 жылы бүкіл ел бойынша Мейкерспейстер желісінің оқу бағдарламаларына шамамен 14,000 жас қазақстандық қатысты, енді бұл мүмкіндік Петропавл тұрғындары үшін қолжетімді болды.

**БӘРИНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА**Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының
бірлескен ЖОБАСЫ

«БӘРИНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА» – JAS QAZAQ ГАЗЕТИ МЕН SHEVRON КОМПАНИЯСЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ЖОБАСЫ. ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ – ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫ ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫН МЕНГЕРІП, САУАТТЫ ЖАЗУҒА БЕЙІМДЕУ. ҚАЗІР ЖУРНАЛИСТИКАҒА ҚҰМАР ЖАНДАР КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҚ, МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА САЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМІН ШЫҢДАУДА. ҚАТЫСУШЫЛАР ТӘЖІРИБЕСІН ШЫҢДАП, ШАҒЫН ХАБАР, АҚПАРАТ, МАҚАЛА ЖАЗУҒА, СҰХБАТ АЛУҒА ТӨСЕЛІП КЕЛЕДІ. ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА БИЫЛҒЫ КУРСҚА ҚАТЫСУШЫ АЙДОС БАЙҒАЛИЕВТИҢ ЖАЗБАСЫН ҰСЫНАМЫЗ.

Кәсіпқой боксшы, Олимпиада ойындарының чемпионы (Атланта, 1996) аты аңызға айналған спортшы Василий Жиров Қазақ спорт және туризм академиясына арнайы келді. Құрметті қонақ академия студенттері мен артынан ерген жас боксшыларға өмірлік және спорттағы жетістіктерін айтып, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Соңғы уақытта жастар арасында белең алған көптеген зиянды әрекеттерге әуес жеткіншектер көбейіп келеді. Өмірлік бағыттары дұрыс әрі айқын азамат қана үлкен

ВАСИЛИЙ ЖИРОВ

белеске қол жеткізеді. Кездесу барысында академия президенті Қайрат Закирьянов «Балқаш жолбарысы» деген аты бар Василий Жировты «Шыңғыс хан» медалімен марапаттады. Бұл да чемпионға көрсетілген құрмет!

Мықты адамнан мықты мотивация алған студенттер бұл кездесуге дән риза. Василий Жировтан өздеріне көптеген спортта кездесетін қателіктер мен үйренер тұстарын түртіп алды.

Жалпы Қазақ спорт және туризм академиясында осындай мықты



ЖАСТАРҒА ЖІГЕР БЕРДІ



спортшылармен кездесулер жиі өтіп тұрады. Бүгінгі кәсіпқой боксшы, Олимпиада ойындарының чемпионы Василий Жировпен кездесу де жастарға жаңа серпін береріне сенім мол.



Айдос БАЙҒАЛИЕВ,
курсқа қатысушы

**БӘРИНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА**

Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының бірлескен ЖОБАСЫ



«БӘРИНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА» – JAS QAZAQ ГАЗЕТИ МЕН CHEVRON КОМПАНИЯСЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ЖОБАСЫ. ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ – ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫ ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫН МЕҢГЕРІП, САУАТТЫ ЖАЗУҒА БЕЙІМДЕУ. ҚАЗІР ЖУРНАЛИСТИКАҒА ҚҰМАР ЖАНДАР КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҚ, МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА САЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМІН ШЫҢДАУДА. ҚАТЫСУШЫЛАР ТӘЖІРИБЕСІН ШЫҢДАП, ШАҒЫН ХАБАР, АҚПАРАТ, МАҚАЛА ЖАЗУҒА, СҰХБАТ АЛУҒА ТӨСЕЛІП КЕЛЕДІ.

спортшылардың есімдері енді білім ордасының Олимпиада жүлдегерлері стенд тақтасына алтын әріппен жазылады. Грек-рим күресінен күміс алған Демеу Жадыраев, спорттық гимнастикадан күміс жүлдегер Нариман Құрбанов, дзюдодан қоланы қанжығалаған Ғұсман Қырғызбаев және оның бапкері, Қазақ спорт және туризм академиясының аға оқытушысы, Қазақстанға еңбек сіңірген жаттықтырушысы, күні кеше ғана Қ.Тоқаевтың қолынан «Құрмет»

СТУДЕНТТЕР ПАРИЖДЕ ТОП ЖАРҒАН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

ЖОБАҒА ҚАТЫСУШЫ РУСЛАН ТАИПОВ ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУІ ТУРАЛЫ ӘСЕРІМЕН БӨЛІСТІ.

Талай спорт саңлақтары түлеп ұшқан Қазақ спорт және туризм академиясында Білім күні ерекше тойланды. Қазақ спортының қара шаңырағына Парижде топ жарған жүлдегерлер келіп, студенттермен кездесу өткізді. Айрықша айта кететін жәйт, Париж

олимпиадасында ел қоржынына түскен жеті медальдің бесеуін академия түлектері иеленді. Бұл білім ордасы үшін зор мәртебе әрі мақтаныш. Сондықтан Демеу Жадыраев, Нариман Құрбанов, Ғұсман Қырғызбаев, Назым Қызыбай, Ислам Сәтбаев сынды

орденін алған Ермек Насиев жаңа оқу жылында қара шаңыраққа бекер келген жоқ. Ел мақтанышына айналған спортшыларымыз оқуға енді қабылданған 1-курс студенттері мен өзге де ізбасарларына ақыл-кеңестерін айтып, үлкен мотивация берді. Ал Қазақ спорт және туризм академиясының Президенті Қайрат Закирьянов бүгінгі жиында Париж Олимпиадасының жүлдегерлері





Демеу Жадыраевқа докторантурада, Нариман Құрбанов пен Ғұсман Қырғызбаевқа магистратурада тегін білім алуға мүмкіндік беретін Академия грантын табыс етті.

«Практика жүзінде білген-түйгенімізді енді теориямен ұштастыруға, ғылыми тұрғыда ізденуге мүмкіндік берген, өзім оқыған академия басшылығына ризашылығымызды білдіреміз. Ал артымыздан еріген жас өрендерге сәттілік тілейміз. Алға қойған мақсаттарыңа жетуден ешқашан шаршамандар» – деді Демеу Жадыраев.

Биыл академияға мыңнан аса студент қабылданды. Олардың арасында ел және әлемдік ареналарда топ жарып жүрген талай дүлдүл бар. Мәселен, бокстан әлем чемпионы Қасымбек Толғанай, таэквондодан әлем чемпионы Сүндетбай Айдана, каратэден әлем чемпионы Сырым Айбек, джиу-джитсу және грэпплингтен әлемнің 8 дүркін чемпионы Жібек

Құлымбетова және басқа жас спортшылар енді осы оқу орнында білім алады. Бүгінгі мерекелік шараға ғылым және жоғары білім министрлігі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Ақерке Абылайхан арнайы келді. Мәртебелі мейман, Қазақ спорт және туризм академиясының оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие және спорттық жұмыстары бағытында жетістікке жеткен бірқатар оқытушыларды марапаттады. Атап айтқанда, туризм және спорт министрлігінің «Дене шынықтыру және спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі, куәлігімен Бокс және ауыр атлетика кафедрасының аға оқытушысы Хамит Бараев, «Үздік оқытушы» төсбелгісімен Жақсыбек Жүнісбеков, Людмила Өмірзақова, Қалимаш Жанғанатова марапатталды.

Спорт жұлдыздарының қатысуымен болған мерекелік шара жоғары деңгейде өтіп, соңы

ән-күйге ұласты. Студенттерге жаңа серпін берген салтанатты жиында Париж Олимпиадасының жүлдегерлері ғылым және жоғары білім министрлігінің «Қош келдің, студент» жобасы аясында жиналған қауыммен селфи-суретке түсті.



Рустам ТАИПОВ,
«Бәріне ортақ журналистика»
жобасына қатысушы



БӘРИНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА

Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының
бірлескен ЖОБАСЫ

«БӘРИНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА» – JAS QAZAQ ГАЗЕТИ МЕН CHEVRON КОМПАНИЯСЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ЖОБАСЫ. ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ – ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫ ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫН МЕҢГЕРІП, САУАТТЫ ЖАЗУҒА БЕЙІМДЕУ. ҚАЗІР ЖУРНАЛИСТИКАҒА ҚҰМАР ЖАНДАР КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҚ, МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА САЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМІН ШЫҢДАУДА. ҚАТЫСУШЫЛАР ТӘЖІРИБЕСІН ШЫҢДАП, ШАҒЫН ХАБАР, АҚПАРАТ, МАҚАЛА ЖАЗУҒА, СҰХБАТ АЛУҒА ТӨСЕЛІП КЕЛЕДІ. ЖОБАҒА ҚАТЫСУШЫ АҚЖОЛ БЕКТҰҒАН ТАРАЗ ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН КӨРМЕ ТУРАЛЫ ЖАЗДЫ.

ЕЛІМІЗДІҢ КӨНЕ ҚАЛАСЫ ТАРАЗДА ЕРЕКШЕ КӨРМЕ ӨТТІ. КӨРМЕГЕ КЕЛУШІЛЕР КАРТИНАНЫ ҚАБЫРҒАҒА ІЛІНГЕН ЕМЕС, САЯБАҚТА ЖЕРГЕ ЖАЙЫЛҒАН ҚАЛПЫНДА ТАМАШАЛАДЫ.

Туындылары бүгінде елімізге ғана емес, алыс-жақын шет мемлекеттерге де таныс болған Алтынбек Қартабай – 25 жылдан



бері Жамбыл облыстық «Арай» жастар газетінде фототілші. «Алтынбектің фото әлемі» атты көрмеде фото тілшінің пейзаждары, портреттік образдары қойылды. Қала орталығындағы Қайрат



Рысқұлбеков саябағында өткен көрмеге келушілер фотографтың 80-ге жуық туындысын тамашалады. Көрменің ашық аспан астында өтуі

ТАРАЗДА ӨТКЕН
ЕРЕКШЕ КӨРМЕ

жайында Алтынбек Қартабай былай деді:

«Бұл идеяны мен әлемдік деңгейдегі фототілшінің көрмесінен көрдім. Ол өзі түсірген суреттерді жерге ақ матаға жайып тастаған болатын. Содан мен оны ары қарай жандандырып, дамыта түстім. Рас, аз-кем кемшіліктер болды. Келушілер «көрме бір күн емес, бірнеше күнге жалғасқанда жақсы болар еді» деген ойларын айтып жатыр», – дейді ол.

Көрмеге келген қонақтар фотограф әлемімен танысып, туындыларын тамашалады.

**Ақжол
БЕКТҰҒАН,
жобаға
қатысушы**



Суреттерді түсірген автор

Бас редактор

Срайыл СМАЙЫЛ

Гүлнар АХМЕТОВА
ДиректорАйдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ
продюсер-менеджерҒалия ҚАЛИЕВА
дизайнер/фотосуретші

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әбубәкір СМАЙЫЛОВ
Астанадағы меншікті тілшіМақпал НОҒАЙБАЕВА
редактор

МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС

Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,
№214 кеңсеТелефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)